«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ
№3 Ғылыми кеңес мәжілісінің
ШЕШІМДЕРІ

Шымкент қаласы **28 қазан 2026 жыл**

1. Қорытынды аттестаттау комиссияларының құрамын бекіту туралы

Шешім:

1. Басқарма мүшесі, академиялық мәселелер жөніндегі проректор С.Д. Мамраймовтың қорытынды аттестаттау комиссияларының құрамын бекіту туралы баяндамасы назарға алынсын.

2. Бітіруші білім алушылардың қорытынды аттестаттауын өткізу жөніндегі комиссиялар төрағаларының, мүшелері мен хатшыларының ұсынылған құрамы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Басқарма мүшесі, академиялық мәселелер жөніндегі проректор С.Д. Мамраймовқа жүктелсін.

2. Бакалавриат және магистратура білім алушыларының дипломдық жұмыстары мен магистрлік диссертацияларының тақырыптарын және ғылыми жетекшілерін бекіту туралы

Шешім:

1. Оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыру бөлімінің басшысы Ж.А. Нұрмағанбетова мен Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру орталығының басшысы Ж.Д. Абдуллаеваның баяндамалары назарға алынсын.

2. Бакалавриат білім алушыларының 2026–2027 оқу жылына арналған дипломдық жұмыстарының тақырыптары мен ғылыми жетекшілері ұсынылған тізімге сәйкес бекітілсін (1-қосымша).

3. Магистратура білім алушыларының 2026–2027 оқу жылына арналған магистрлік диссертацияларының тақырыптары мен ғылыми жетекшілері ұсынылған тізімге сәйкес бекітілсін (2-қосымша).

4. Кафедра меңгерушілері мен ғылыми жетекшілер бекітілген тақырыптар бойынша дипломдық жұмыстар мен магистрлік диссертациялардың сапалы әрі уақтылы орындалуын, ғылыми жетекшілік жұмыстарының жүйелі жүргізілуін және академиялық адалдық қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етсін.

Жауапты: кафедра меңгерушілері, ғылыми жетекшілер. Орындалу мерзімі: 2026–2027 оқу жылы ішінде.

5. Осы шешімнің орындалуын бақылау Басқарма мүшесі, академиялық мәселелер жөніндегі проректор С.Д. Мамраймовқа жүктелсін.

Scanned with CamScanner

3. 2026–2027 оқу жылындағы қысқы емтихан сессиясы бойынша пәндердің қорытынды бақылау нысандарын бекіту туралы

Шешім:

1. Білім алушыларды тіркеу және қолдау орталығының басшысы А.А. Жунисованың баяндамасы назарға алынсын.

2. 2026–2027 оқу жылындағы қысқы емтихан сессиясы бойынша пәндердің қорытынды бақылау нысандары факультеттер, институттар, кафедралар және академиялық топтар бөлінісінде ұсынылған тізбеге сәйкес бекітілсін.

3. Қысқы емтихан сессиясының университеттің бекітілген академиялық күнтізбесіне және оқу процесінің кестесіне сәйкес ұйымдастырылуы қамтамасыз етілсін.

4. Факультет декандары, институт директорлары және кафедра меңгерушілері қорытынды бақылау нысандарының пәндердің ерекшеліктеріне, білім беру бағдарламаларының талаптарына және күтілетін оқу нәтижелеріне сәйкестігін қамтамасыз етсін.

5. Емтихан сессиясын өткізу барысында академиялық адалдық қағидаттарының сақталуы, білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың объективтілігі мен ашықтығы қамтамасыз етілсін.

6. Осы шешімнің орындалуын бақылау Басқарма мүшесі, академиялық мәселелер жөніндегі проректор С.Д. Мамраймовқа жүктелсін.

4. Сапа менеджменті жүйесі бойынша жүргізілген сыртқы аудит нәтижелері туралы

Шешім:

1. Сапа менеджменті жүйесі бөлімінің басшысы А.С. Тауасарованың баяндамасы назарға алынсын.

2. Университеттің СЖ-01-24 «Сапа жөніндегі нұсқаулық» ішкі нормативтік құжаты қайта қаралып, қолданыстағы талаптарға сәйкес жаңа редакциясы әзірленсін.

Жауапты: Сапа менеджменті жүйесі бөлімінің басшысы А.С. Тауасарова. Орындалу мерзімі: 2026 жылғы қараша.

3. Профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтармен және сапа менеджменті жүйесінің тиісті құжаттарымен танысқанын растайтын құжаттардың жеке істерінде болуы қамтамасыз етілсін.

Жауапты: HR департаментінің директоры А. Маликова. Орындалу мерзімі: 2026 жылғы қараша.

4. Университет инфрақұрылымын күтіп ұстау, техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын жүргізуге қатысты құжаттар қайта қаралып, қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін және қолданыстағы талаптарға сәйкестендірілсін.

Жауапты: инфрақұрылымға жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысы Д. Жұмабаев. Орындалу мерзімі: 2026 жылғы желтоқсан.

Scanned with CamScanner

5. Осы шешімнің орындалуын бақылау Сапа менеджменті жүйесі бөлімінің басшысы А.С. Тауасароваға жүктелсін.

5. «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2027» конкурсына қатысуға үміткерлерді ұсыну туралы

Шешім:

1. Ғылыми жұмыстар және стратегиялық даму жөніндегі проректор А.Б. Кульджабековтің денсаулық жағдайына байланысты отырысқа қатыса алмауына орай, аталған мәселе бойынша дайындық жұмыстары жалғастырыла берсін.

2. «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2027» конкурсына қатысуға үміткерлерді ұсыну туралы мәселе келесі Ғылыми кеңес отырысының күн тәртібіне енгізіліп, түпкілікті шешім сол отырыста қабылдансын.

6. Ғылыми жобаларды коммерцияландыру үдерісінің қазіргі жағдайы туралы

Шешім:

1. Жобаларды коммерцияландыру және сүйемелдеу орталығының басшысы П.Ж. Парманкулованың шетелде іссапарда болуына байланысты аталған мәселені қарау келесі Ғылыми кеңес отырысына ауыстырылсын.

7.1. Университеттің жаңартылған ішкі нормативтік құжаттарын және ішкі құжаттар тізімін бекіту туралы

Шешім:

1. Сапа менеджменті жүйесі бөлімінің басшысы А.С. Тауасарованың университеттің ішкі нормативтік құжаттарын өзектендіру туралы ақпараты назарға алынсын.

2. Қосымшаға сәйкес университеттің жаңартылған ішкі нормативтік құжаттары және ішкі құжаттар тізімі бекітілсін.

3. Сапа менеджменті жүйесі бөлімі бекітілген ішкі нормативтік құжаттарды белгіленген тәртіппен тіркеуді, есепке алуды және мүдделі құрылымдық бөлімшелерге жеткізуді қамтамасыз етсін.

Жауапты: Сапа менеджменті жүйесі бөлімінің басшысы А.С. Тауасарова. Орындалу мерзімі: 2026 жылғы қараша.

4. Құрылымдық бөлімше басшылары бекітілген ішкі нормативтік құжаттарды басшылыққа алып, олардың талаптарының орындалуын қамтамасыз етсін.

5. Осы шешімнің орындалуын бақылау Сапа менеджменті жүйесі бөлімінің басшысы А.С. Тауасароваға жүктелсін.

Ғалым хатшы **З.Т. Жантасова**

Scanned with CamScanner